**БЕКІТЕМІН:**
**Мектеп меңгерушісі** **Шалабаева ЖС**

# ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы : Милы бастауыш білім беретін мектебі,«Шұғыла» шағын орталығы
Топ: ересек топ
Балалардың жасы: 4 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 12.02 - 16.02.2024ж.

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналарға кеңес. «Үйдегі бала тәрбиесіндегі қиыншылықтар». | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы балалардың білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді | **"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. **(еңбек дағдылары)** | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".** Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету, ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өсімдіктерді жапырақтардан калай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. **(еңбек дағдылары)** | | өсімдіктерді жапырақтардан калай тануға болатындығын үйрету. Сумен және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** | дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** |
| | **"Қайсы ең ауыр?" логикалық жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың заттардың өлшемдері жайындағы түсініктерін бекіту; заттың жеңіл немесе ауыр екенін суретке қарап білуге дағдыландыру; ойлау қабілеттерін дамыту, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдары: заттар және олардың заттық суреттері (алма, кесе, сопақ пішінді шар, | **«Көңіл-күйді анықтау»** Ойынның мақсат-міндеттер: мейірімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу . Педагог балаларға айналасындағы адамдарға көңіл бөлу керектігін түсіндіреді. Бір бірінің көзіне, бет-әлпетіне қарап, көңіл-күйді анықтауды ұсынады. Балалар жұптасып, қолдарынан ұстайды. | **Текшелермен ойын.** Балаларға текшелер туралы тақпақты тыңдай отырып, оларды бір-бірінің үстіне қойып, бағанға қалауға ынталандыру. Қызыл, сары, көк текше, Әрбіреуі ерекше. Көлемдері бірдей, Бір-бірінің үстіне. **(құрастыру)**<br><br>**"Біздің көмекшілеріміз кім?" үстел үсті ойыны.** | **«Қызықты лото».** Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін дамыту. **(математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**"Домино" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі | **"Үйдегі жиһаздар" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Үй ішіне қажетті жиһаздардың жеке бөліктерін сөзбен дұрыс айтуға үйрету; бөлменің ішіндегі жиһаздар туралы айта білуге жаттықтыру; жиһаздары күтуге тәрбиелеу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дөңгелек пішінді шар, жұмыртқа, қарбыз, лимон, доп, қияр)<br>Педагог әуелі дөңгелек пішінге ұқсайтын, содан соң сопақшаға ұқсайтын заттарды салыстыруға ұсынады.<br>Жауаптарын айтып болғаннан кейін балалар шынайы заттарды колға алып, кайсы жеңіл не ауыр екендігін тексеріп табады.<br>Жаттығуды тек екі заттан салыстырып көруге болады.<br>Балалар заттың көлемі мен оның салмағы бірдей еместігін түсіндіреді.<br>Педагог заттардың касиеттеріне көңіл аудару туралы айтады. Мысалы: әуе шары жеңіл ауаға толған, карбыз - жидектің шырыны мен тұқымдарына толған (яғни су | Тәрбиеші оларға «Тек көздеріңе қарап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, әр түрлі эмоцияларды үнсіз жеткізуге тырысыңдар. «Мен көңілсізбін, маған көмектес! Мен көңілдімін, кел ойнайық! Мен сенімен дос болғым келеді!» және т.б. деп айтады.<br>Балалар тапсырманы жұппен орындайды.<br>Содан кейін балалар кандай эмоцияның берілгенін және кабылдағанын талқылайды. | Мақсат-міндеттер Ересектердің жұмысын жеңілдететін тұрмыстық заттар туралы балалардың білімдерін бекіту<br>**(математика негіздері, коршаған ортамен танысу)** | жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру, кабылдау, зейін, ойлау кабілеттері, ұсақ кол моторикасын жетілдіру<br>Ойын шарты<br>Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне катарлап тізіп кою, кім бұрын барлық карточкаларын кояды, сол жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар: бірдей кос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.<br>**(математика негіздері, коршаған ортамен танысу)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | салмақты қосады).<br>**(қоршаған ортамен танысу, математика негіздері)** | | | | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **"Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)**<br>Педагог:<br>- Балалар, қатарда түзу тұрамыз. Енді менімен бірге жаттығуларды орындаймыз. Қолдарындағы доптарынды жоғары көтеріп, көрсетіңдерші! Енді осы доптармен жаттығулар жасаймыз! Аудиозапись ритмичной мелодии для общеразвивающих упражнений. №11<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау.<br>1 - допты оң қолымен ұстап, қолдарын жанына жіберу; 2 - допты жоғары көтеріп, келесі қолына салу ; 3 - қолдарын жанына жіберу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6-7 рет қайталау.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау.<br>1 - оң аяққа иілу; 2-3 - допты оң аяққа, содан кейін сол аяққа домалату; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6 рет қайталау.<br>3. Бастапқы қалып: тіземен тұру, допты екі қолымен ұстау<br>1-2 - өкшеге отырып, денесін оң жаққа бұру және допты еденге тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау.<br>4. Бастапқы қалып: еденге отырып, допты екі аяқтың арасына қысып ұстап, қолдарын артқа тіреу.<br>1-2 - аяқтарын түзу ұстап, допты түсіріп алмай, жоғары көтеру; 2-3 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-7 рет қайталау.<br>5. Бастапқы қалып: жерге шалқасынан жатып, қолдарын түзу ұстап, допты басынан асыра қою.<br>1-2 - қолдарын түзу ұстап, жоғары көтеріп, допты оң аяғына тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығуды 5-7 рет қайталау.<br>6. Бастапқы қалып: аяқтардың арасы сәл алшақ, допты оң қолға ұстау. 1 - допты еденге ұрып, екі қолымен ұтып алу. Жаттығуды 8-10 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау.<br>Допты жоғары лақтырып, ұтып алу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау.<br>8. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау.<br>1-8 дейін санау арқылы алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру, бұрылып, екі аяғымен қайтадан секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау."<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | "Техника және біз" тақырыбында | Заманауи техникалар туралы әңгіме айту, | Тұрмыстық техниканы қолдану | Суретке қарап компьютер | Жиһаздар туралы әңгімелесу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | әңгімелесу **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)** | жаңалықтар ашу **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)** | жайлы және қауіпсіздік ережелері жайлы әңгімелесу **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)** | құрылғысы туралы, компьютермен қандай жұмыстар атқаруға болатыны туралы балалардың өздігінен әңгімелеулері **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)** | **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)** |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** "Велотренажер" "Велосипед" Мақсат-міндеттер: құм салынған қапшаны 3 м қашықтықтан оң қолымен (иық тұсынан) тік ұстап, нысанаға лақтыру (5-6 рет); биіктігі 40 см таяқтың (арқанша) астынан еңбектеп өту (2-3 рет) және биіктігі 40 см арқаннан аттап жүруге (2-3 рет), велотренажер "Велосипедпен" жаттықтыру. | **Қазақ тілі** "Тұрмыстық техника. Жеңіл - ауыр. Суық - ыстық" Мақсат-міндеттер. Тұрмыстық техника туралы түсініктерін кеңейту, тұрмыстық техниканың адам өміріндегі рөлі туралы түсінік беру; «жеңіл - ауыр», «суық - ыстық» заттардың қасиеті жайлы түсініктерін бекіту; құрылғыларға күтім жасау ережелері туралы түсініктерін дамыту. Балаларға тұрмыстық техника туралы тақпақты мұқият тыңдап, таныс сөздерді тауып атауды үйрету; сөз | **Дене шынықтыру** "Аяқпен жасалатын қимылдардың түрлері" Мақсат-міндеттер: балаларды ұсақ және алшақ адыммен жүру дағдыларын қалыптастыру; табан мен алақанға сүйеніп, төрттағандап еңбектеуге үйрету. | **Музыка** "Ойыншық аспаптар" Мақсат-міндеттер: балалардың жаңа ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігін ажырата білу және эмоционалды қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топпен ілесе ән айту ережелеріне дағдыландыру. | **Дене шынықтыру** "Жүгірушілердің жарыстары" Мақсат-міндеттер: балаларды аяқтарын алшақ қойып секіруге; 50 см жоғары көтерілген арқанның астынан оң бүйірмен алға еңбектеп кіруге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тіркестеріндегі тұрмыстық техниканың қызметін бейнелейтін етістіктерді дұрыс айтуға жаттықтыру, сөз тіркестерін, антонимдік жұптар құрауға үйрету, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту, заттардың сапасына қызығушылықтарын арттыру Ізденімпаздылыққа, ұқыптылыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br>"Ойыншықтар".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жаңа ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігін ажырата білу және эмоционалды қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топпен ілесе ән айту ережелеріне дағдыландыру. | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әңгімелесу **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)** | жаңалықтар ашу **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)** | жайлы және қауіпсіздік ережелері жайлы әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)** | құрылғысы туралы, компьютермен қандай жұмыстар атқаруға болатыны туралы балалардың өздігінен әңгімелеулері. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)** | **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)** |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** "Велотренажер". "Велосипед". Мақсат-міндеттер: құм салынған қапшаны 3 м қашықтықтан оң қолымен (иық тұсынан) тік ұстап, нысанаға лақтыру (5-6 рет); биіктігі 40 см таяқтың (арқанша) астынан еңбектеп өту (2-3 рет) және биіктігі 40 см арқаннан аттап жүруге (2-3 рет), велотренажер "Велосипедпен" жаттықтыру. | **Қазақ тілі** "Тұрмыстық техника. Жеңіл - ауыр. Суық - ыстық" Мақсат-міндеттер. Тұрмыстық техника туралы түсініктерін кеңейту, тұрмыстық техниканың адам өміріндегі рөлі туралы түсінік беру; «жеңіл - ауыр», «суық - ыстық» заттардың қасиеті жайлы түсініктерін бекіту; құрылғыларға күтім жасау ережелері туралы түсініктерін дамыту. Балаларға тұрмыстық техника туралы тақпақты мұқият тыңдап, таныс сөздерді тауып атауды үйрету; сөз | **Дене шынықтыру** "Аяқпен жасалатын қимылдардың түрлері". Мақсат-міндеттер: балаларды ұсақ және алшақ адымен жүру дағдыларын қалыптастыру; табан мен алақанға сүйеніп, төрттағандап еңбектеуге үйрету. | **Музыка** "Ойыншық аспаптар". Мақсат-міндеттер: балалардың жаңа ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігін ажырата білу және эмоционалды қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топпен ілесе ән айту ережелеріне дағдыландыру. | **Дене шынықтыру** "Жүгірушілердің жарыстары". Мақсат-міндеттер: балаларды аяқтарын алшақ қойып секіруге; 50 см жоғары көтерілген арқанның астынан оң бүйірмен алға еңбектеп кіруге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Қыстың негізгі белгілерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қыстың белгілерін ажырата білуге үйрету.<br>Көркем сөз.<br>Аппақ, аппақ, ақшақар<br>Бірін ұстап алайын ... Ұстадым!<br>Жоқ, ақша қар, Қайдан іздеп табайын?<br>(Жақан Смаков)<br>Қимылды ойын. «Аяз».<br>Мақсаты тез жүгіруге жаттықтыру.<br>Еңбек: үйдің ауласын қардан тазартып қою.<br>Мақсаты: күрекпен жұмыс істеуге үйретіп, еңбекке баулу.<br>Қимылды жаттығулар: мұзды жолмен сырғанай білуге жаттықтыру. | **Өзен, көл, су тоғандарына саяхат. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өзен, көл, су тоғандарының қыстағы өзгерістерімен таныстыру. Мұздың қасиетімен жете таныстыру. Мұз қауіпсіздігіне арналған ережелермен таныстыру?<br>Тапсырма: «Сүңгі мұз» тақырыбына сурет салу.<br>Сұрақтар.<br>1. Өзендегі суға не болды?<br>2. Су неге қатты?<br>3. Өзеннен нені көруге болады?<br>4. Қай кезде мұздың үстімен жүріп, коньки тебуге болады?<br>*Көркем сөз.*<br>Тез қарасын | **Қардың қасиетін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Қар туралы балалардың білімдерін толықтыру, ақ, үлпа сияқты, күн нұрына шағылысып жылтырайды.<br>*Көркем сөз.*<br>Аққала.<br>Аула сырты баққа да, Тұрғызамыз аққала<br>Аққаланы айналып, Ойлаймыз біз шаттана.<br>**Қимылды ойын. «Ұстап ал». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: белгі берілісімен бірден іске кірісіп, жаттықтыру.<br>**Еңбек:** қарды күреу.<br>**Жеке жұмыс:** қарды жұмырлап, қатты қысу.<br>*Жұмбақтар.*<br>Мамықтай үлпа, | **Қардың түсуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Маусымдық құбылыс - қардың түсуі туралы білімдерін бекіту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (учаскедегі қарды белгілі бір жерге күрекпен салу; кіреберіске апаратын жолды тазарту.)<br>**(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Жұмысқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз ата", "Қар айналады". (дене шынықтыру)** | **Табиғат күнтізбесі бойынша ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер: өткен күндердегідей ауа райын бақылау. Ағаштарды анықтап зерттеу. Күзде олар қандай болғанын еске түсіру. Қандай өзгеріс бар? Бір ағашты анықтап, суретін салып, оны күнтізбеге сақтау.<br>Балалар бала бақшада тәрбиешінің көмегімен ауа райының жағдайын күнтізбеге белгілеу.<br>*Тапсырма.*<br>«Ашық аспан» тақырыбында сурет салу. Қағаз түстерінің бояуын түстеп, бір бояудың үстіне екінші бояуды жаға отырып, түсін келтіруге үйрету.<br>*Көркем сөз.*<br>Бүрсең қағып жапырақтар, Көше кезіп көшіп жатыр.<br>Тыныш қалған атыраптар, Аппақ қарға тосып жатыр.<br>**Қимылды ойындар. «Соқыр теке».**<br>Мақсат-міндеттер: шеңберде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жорамал.<br>Түтін будақтап шықса, аяз болады. | батырды,<br>Қар жаңбырлы сиқыр бұлт.<br>Жел көк мұзды қатырды,<br>Жердің бетін типыл ғып.<br>Балалардың берген жауабын қорытындылау.<br>Мұздың жұқа кезінде оның үстімен жүгіруге, коньки тебуге болмайтынын балаларға айту.<br>**Қимылды ойын. «Шортан мен табан балықтар». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: тез жүгіруге, жүгірген баланы тез ұстап алуға жаттықтыру, айналаны бағдарлай білуге үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** денені тепе-теңдікте ұстап, мұз үстімен сырғанай білу. **(дене шынықтыру)**<br>*Жұмбақтар.*<br>Отқа жанбайды,<br>Суға батпайды. | Қанттай ақ.<br>Қыста жер бетін басады,<br>Жазда сайға қашады.<br>*Мақал.*<br>Сыртта тау болып жатса,<br>Үйде су болып тұрады.<br>Далада қар болса,<br>Қамбада астық болады. | Мақсат-міндеттер.<br>Өзіне тән қимыл-қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:**<br>"Нысанаға тигіз" **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: дәлдікті дамыту. | тез жүгіруге жаттықтыру, ептілікке үйрету, ойынның сөздерін дұрыс айтқызып жаттатқызу.<br>**Еңбек**: қатқан мұз жолын тазалап, су құйып ретке келтіру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: аланшада тазалық, тәртіп сақтап, судың мұзға айналғанын көріп, қызықтау.<br>**Жеке жұмыс.** «Кім алысқа лақтырады?» Қар түйіршіктерін алысқа лақтыруға жаттықтыру.<br>*Жорамалдар.*<br>1. Қыс аязды болса, жаз ыстық болады.<br>2. Қыста қар мол болса, жазда жаңбыр мол болады.<br>3. Ағашқа қырау тұрса, күн жылы болады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | (мұз) | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** Тұрмыстық техника жөнінде "Не күшті?" әңгімесін мазмұндау Мақсат-міндеттер: балалардың тұрмыстық техника жөнінде ұғымдарын дамыту; сөйлеудің әңгіме түрі мен оның құрылу мазмұны жөнінде білімдерін жетілдіру. | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Үйді жинаудың әдебі". Мақсат-міндеттер: балаларға қағаз бетіндегі заттардың орналасу бағдары жөнінде жаңа білімдер беру, "үстіңгі сол жақ", "үстіңгі оң жақ", "төменгі сол жақ", "төменгі оң жақ" ұғымдарын қалыптастыру. **Ұлттық ойын. Түйілген орамал** Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1, 2, 3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында | **Сурет салудан ойын-жатттығу** "Үтік" Мақсат-міндеттер: балаларды үтік суретін заттық салу техникасына үйрету; үтіктің негізгі құрылымы бөлшектеріне қарап, тұтас техника құралы бейнесін танып, атауға талпындырту; тұрмыстық техника құралдарының адамның өмірінде алатын орны туралы мәліметтерді тиянақтау. **Қимылды ойын. Кетті, кетті орамал!** Ойынға қатысатын балалар шеңбер құрап отырады және бір-біріне иығын тірейді. Тізелерін аздап бүгеді. Жүргізуші шеңбердің сыртында қалады. «Кетті, кетті | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Ауа баптағыш (кондиционер)". Мақсат-міндеттер: балалардың ауа баптағыш туралы білімдерін кеңейту; қыста жанды және жансыз табиғатта болатын құбылыстар жайлы түсініктерін нығайту; адамдар мен техника құралдарының қысқы дайындықтары жөнінде түсінік беру. **Құрастырудан ойын-жаттығу** "Тазалық - денсаулық кепілі". Мақсат-міндеттер: балаларды қалдық материал: йогурттың қалдық ыдысынан және қағаздан қолжуғышты құрастыруға үйрету. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Пойыз". Мақсат-міндеттер: балаларды "Пойыз" туралы өтірік өлеңмен таныстыра отырып, өтірік өлең мазмұны бойынша өлең жолдарын мәнерлеп оқу; өтірік өлең мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету. **Ұлттық ойын. Кім жылдам?** Ежелгі ойындардың бірі - Кім жылдам? Ойын аулада, спорт залында, бөлмеде ойнала береді. Ойыншылар ойынға екі-екіден қатысады. Ортаға шыққан екі бала бір-біріне арқасын беріп, екі жаққа қарап тұрады. Аяқтарының арасын ықтарының деңгейімен бірдей етіп ұстайды. Сонан соң ойын жүргізуші екеуінің аяғының арасына ұзынан-ұзақ белбеу тастайды да «бір, екі, үш» деп санайды. «Үш дегенде кім еңкейіп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады, қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады. **(дене шынықтыру)** | орамал!» деген сөздерді қайталап, орамалды тізенің астынан береді. Жүргізуші орамалдың кімнің қолында екенін айтуы тиіс. Егер жүргізуші орамалдың кімнің қолында екенін тапса, сол ойыншымен орын алмасады. **(дене шынықтыру)** | **Тұрмыстық техника мультфильмін көру. (сөйлеуді дамыту)** | белбеуді бұрын алса, соның жеңгені. Бұл адамның өз денесін еркін меңгеріп, тез қимылдауының нәтижесінде жүзеге асады. Ойынға басқа ойыншылар шығады. Ойын жалғаса береді. Екінші кезекте әр жұптың жеңімпаздарымен арадағы жарыс болады. Ең соңында жеңген екі ойыншы қалады. Сол екеуінің қайсысы жеңіп шықса, сол жеңімпаз атанады. **(дене шынықтыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Дидактикалық ойын «Артық затты тап».** Мақсат-міндеттер: үй жиһаздарын басқа заттардың арасынан ажырату іскерліктерін жетілдіру, танымдық қабілеттерін дамыту. Барысы: педагог балаларға үй жиһаздарымен қатар басқа да заттардың | **«Луллий шеңбері» ойыны.** Балалар заттар мен заттардың түстерін сәйкестендіреді. Сол заттарды сипаттайды. Мысалы, теледидар - сұр түсті. Педагог балаларға теледидар жайлы ақпарат береді. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **Зейінді дамытуға арналған жаттығу.** Бәрін байқау (елеу). Бір қатарға 5-7 (ең көбі - 10) зат немесе сурет орналастырып, оларды жауып қойыңыз. Заттарды 10 сек., ашып, қайта жабыңыз да, балаларға есінде қалған барлық заттарды атауын ұсыныңыз. Заттарды | **Театрды сахналау.** "Қаңтар мен Ақпан" ертегісін сахналау. **(көркем әдебиет)**<br><br>**"Не зат, не үшін керек?" дидактикалық ойыны.** Педагог балалардың тапқан суреттерін тақтаға ілуді ұсынады. Барысы: Бірінші бала | **Демалу гимнастикасы.** Педагог балаларды топтың ортасына шеңберге тұрып, демалу гимнастикасын жасауды ұсынады. Әр бала өздеріне ұнаған таяқшаға ілінген гүлді таңдайды. Сөздерді айтып, қимылдарды қайталайды. Қане, қане, балалар, (балалар тұрады) Шаршағанда ырғалып, (тербеліп тұрады) Гүлге ұқсап демалам. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | суретін таратады. Артық заттарды алып тастайды. Алып тастаған затты атайды. Педагог жиһазға жатпайтын затты алып тастағанын айтады. **(қоршаған ортамен танысу)** | | қайтадан 8-10 сек., ашып, балалардан заттардың қандай ретпен орналасқанын сұраңыз. Кез келген екі заттың орындарын ауыстырып, барлық заттарды қайтадан 10 сек., көрсетіңіз. Балалардан қандай заттардың орны ауысқанын сұраңыз. Заттарға қарамай, әр заттың түсін айтып беруді сұраңыз. **(қоршаған ортамен танысу)** | техника бұйымдарының атын атайды, ал екінші бала қажеттілігін, пайдасын айтады.<br>- Бұл не? Бұл - үтік.<br>- Үтікпен не істейміз? Оны алдымен токқа қосамыз. Ол ысиды, содан кейін киім үтіктейміз. Онымен балаларға қолдануға болмайды.<br>- Неге? Үтік қауіпті, онымен қолымызды күйдіріп аламыз.<br>Үтік адам тұрмысына өте қажет. Егер үтік болмаса киімдеріміз мыжырылып, қыртыстанып тұрады.<br>Педагог ойын кезінде балаларға қосымша сұрақтар қойып, балалардың жауаптарын толықтырады.<br>- Осы заттардың барлығын тұрмыстық техника деп атаймыз.<br>Техникаларды ойлап шығаратын адамдар, сондықтан | (отырады)<br>Жұпар иісін бір искеп, (мұрнымен демді ішіне тартып, шығарады)<br>Гүлдей болып жайқалам. (қолдарын жоғары көтереді)<br>Балалар 2 рет қайталайды. (дене шынықтыру) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | үлкендердің еңбегіне құрметпен қараңдар<br>- Бұл заттарды адамдар не үшін ойлап тапты?<br>Ғалымдар қазіргі заман талабына сай жаңа технологияларды ойлап табуда.<br>- Техникалардың бәрі бізге керек, олар бізге қызмет етеді.<br>Тек қана, пайдаланған кезде абай болу керек.<br>Педагог балаларға "Естеріңде болсын!" тақырыбында сурет бойынша қауіпсіздік ережелерін түсіндіреді:<br>- Сулы қолмен тоқты қосуға немесе ажыратуға болмайды.<br>- Балаларға ересектерсіз электр тоқтарын ұстауға болмайды.<br>- Ересектерсіз тұрмыстық техникаларды қолдануға болмайды.<br>**(қоршаған ортамен таныcу)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Өзге қалаларға саяхат» тақырыбына фотокөрме ұйымдастыру | Кеңес «Баланы ұлтжандылыққа тәрбиелеу жолдары» | Ата-аналарға кеңес «Үйдегі бала тәрбиесіндегі қиыншылықтар». | «Немерелерді тәрбиелеуге арналған бірнеше кеңестер» қабырға газеті | Жарнама «Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады» |